

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
Экономический факультет
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа
и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

17 сәуір 2020 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

PROCEEDINGS

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261

Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев
А. А.
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,
Джондельбаева А.
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі» халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики: Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economyformation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

табылады. Сондықтан аудиттеу кезінде орын алуы мүмкін берілген және өзге де қателіктер ықтималдығын барынша төмендету керек.

Әдебиеттер

1. <http://www.grandars.ru/student/buhgalterskiy-uchet/audit-osnovnyh-sredstv.html>
2. <https://sibac.info/studconf/econom/lii/71826>
3. <https://www.gosreestr.kz/>
4. <http://g.engine.org/diplom-jmisi-tairibi-negizgi-raldardi-esebi-men-auditi-arji-je.html?page=6>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ БЮДЖЕТІН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әкімбек Т.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Экономика факультеті,
«Мемлекеттік аудит» мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші - Жахметова А.К.

экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан
Республикасы

E-mail: akimbek_aruzhan@mail.ru

Аннотация. Министрлік, бұл қорғаныс саласындағы мемлекеттің саясатын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін әскери-саяси және экономикалық басқаруды жүзеге асырып отыратын орталық атқарушы органдар жүйесі, сондай-ақ мемлекеттің авиация саласындағы органы болып табылады. ҚР Қорғаныс министрлігінің басты міндеті ол еліміздің әскери қауіпсіздігін, қабілеттілігін қамтамасыз ету. Қорғаныс Министрлігі ол еліміздегі түрлі іс-шараларды іске асырады. Соның ішінде, халықтың қауіпсіздігін олардың елімізде еркін, ешкімнен қорықпай өмір сүруін қамтамасыз етуді қоспағанда, бюджеттік бағдарламаларды да жүзеге асырады. Еліміздегі Қорғаныс министрлігіне аса жауапкершілікпен бюджет бөлінуі керек, себебі олардың атқаратын жұмыстары өте ауыр. Ол бөлінген бюджеттің барлығы Қорғаныс министрлігіндегі барлық жұмыстарға тиімді жұмсалуды қажет.

Түйін сөздер: Қорғаныс Министрлігі, бюджет, мәжіліс, қарулы күштер, бас штаб, құқық қорғау органы, сыбайлас жемқорлық, жеңілдік, жәрдемақы, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік.

Аннотация. Министерство, это система центральных исполнительных органов, осуществляющих политику государства в области обороны, военно-политическое и экономическое управление Вооруженными Силами Республики

Казахстан, а также орган в сфере авиации государства. Главной задачей Министерства обороны РК является обеспечение военной безопасности, способности страны. Министерство обороны осуществляет различные мероприятия в стране. В том числе, осуществляют бюджетные программы, за исключением обеспечения безопасности населения их свободной, неугасимой жизнью в стране. Министерство обороны страны должно с особой ответственностью выделять бюджет, потому что их работа очень тяжелая. Он должен эффективно использовать все выделенные средства на все работы в Министерстве обороны.

Ключевые слова: Министерство обороны, бюджет, мажилис, вооруженные силы, генеральный штаб, правоохранительный орган, коррупция, льготы, пособия, общественный порядок, безопасность.

Annotation. The Ministry is the system of Central Executive bodies implementing state policy in the field of defense, military-political and economic control of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan and on aviation of the state. The main task of the Ministry of defense of the Republic of Kazakhstan is to ensure military security and capability of the country. The Ministry of defence carries out various activities in the country. In particular, they implement budget programs, except for ensuring the safety of the population with their free, unquenchable life in the country. The Ministry of defense should allocate the budget with special responsibility, because their work is very difficult. It should effectively use all allocated funds for all work in the Ministry of defense.

Keywords: Ministry of defense, budget, majilis, armed forces, general staff, law enforcement agency, corruption, benefits, allowances, public order, security.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бюджеттік бағдарламасына тоқталмас бұрын, ең алдымен, бюджет сөзі, және оның қорғаныс министрлігіне қандай байланысы бар, соны айқындап алуымыз керек. Бюджет- ол белгілі бір уақыт кезеңіндегі, әдетте бір жылға құрылған белгілі бір кәсіпорынның кірісі мен шығыстарының сметасы болып табылады. Егер де бюджеттің шығыс бөлігі кіріс бөлігінен асып кететін болса, онда бюджет тапшылықпен азайып отырады. Кірістердің шығыстардан асып кетуі бюджеттің оң сальдосын құрайды, яғни профициті болып саналады.

Жалпы министрліктің ережелерін атап өтсек, ҚР Қарулы күштерінің әскери жәрдемақылар және басқа да төлеу қағидалары немесе ереже, ҚР Қарулы күштерінің әскери қызметшілеріне жеңілдіктер, ақшалай жәрдемақылар және тағы да басқа төлемдер беру тәртібін айқындайды. Аяқталмаған айды өткерген әскери қызметінің жәрдемақы мөлшері сол айда қызмет еткен күнгізбелік күндерінің нақты сандарына қарай пропорционал түрінде анықталады. Әскери қызметкер дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, сотталған әскери қызметші қамауға алу жазасын өтеу кезінде, күзет үйінде әкімшілік қамауға алынуда командирдің бұйрығымен әскери қызмет міндеттерін нақты атқарған күндеріне сәйкес төленіп отырады, және де бұйрықта әскери қызметтен нақты кетпеген күндері де көрсетіледі.

Жәрдемақыны пропорционалды есептеу үшін айдың күнтізбелік күндері қолданылады. Соңғы қорытынды ереже ол, әскери қызметкерге ағымдағы ай үшін жәрдемақы төлеу 25-ші күнінен бастап ағымдағы айдың соңына дейін жүзеге асады[1].

Ендігі келетін мәселе, бюджеттерді санаттар бойынша бөлу динамикасы қарастырылады. Мысалға, 2018 жылы қорғаныс жұмыстарына 517,1 млрд және оның ішінде Қорғаныс министрлігіне 473,3 млрд, ал қалған 43,8 млрд ішкі істер министрлігіне табиғи техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою үшін қаражат түседі. Осы яғни 2020 жылы қорғаныс шығындарының сомасы 677,2 млрд теңгеге жетті, оның 636,5 млрд Қорғаныс министрлігі алады.

Мәжілісте үш жылдық бюджеттің таныстырылымы кезінде, қаржы вице-министрі мәлімдемесінде, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін, құқық қорғау және ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету, немесе халықты қорғау және дағдарыс жағдайында басқарудың тұрақтылығы үшін үш жылдық мерзімге 4,3 трлн теңге қарастырылды, оның ішінде 2020 жылға 1,5 трлн. Бұл ел ЖІӨ-нің 11,4%-ын құрайды. Оның ішінде Қорғаныс министрлігі- 331,8 млрд теңге, мемлекеттік қорғаныс тапсырысы- 276,2 млрд теңге. Сонымен қатар, 2021 жылы құқық қорғау органдарының шығындары 1,409 трлн теңгеге дейін азаяды деп жоспарлануда, ал бұл елдің ЖІӨ-нің 10,7%-ын құрайды. Оның ішінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысы- 374,8 млрд теңге, ал Қорғаныс министрлігі- 314,8 млрд теңгені құрап отыр.


2018-2020 жылдары қорғаныс шығыстарының ұлғаюы ол терроризм мен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуымен, сондай-ақ, құқық қорғау органдары әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысының төрттен бір бөлігінің ұлғаюымен байланысты анықталып отыр. Тағы бір айтып кететін жайт, үш жыл ішінде жалпы сомасы- 28,8 млрд теңгеге «Қазақстанның Кибер қалқаны» ақпараттық қауіпсіздік жөнінде ұлттық үйлестіру орталығын құру қарастырылуда.

Қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік 2 325,7 млн. теңге немесе жалпы шығындар көлемінің 3,0%-ын құрайды. Анығырақ тоқталып кететін болсақ, Қорғаныс – 57,4 млн. теңге, соның ішінде, 31,7 млн. теңге жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар, 1,5 млн. теңге аумақтық қорғанысқа дайындық және 24,2 млн. теңге төтенше жағдайлар бойынша жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады[2].

Келесі ол, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі- 2 268,3 млн. теңгені құрайды. Соның ішінде, 2 131,1 млн. теңге құқық қорғау қызметі, 137,2 млн. теңге қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік саласындағы басқа қызметтер болып табылады.


Қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке кеткен шығындар 2016 жылдың 1 сәуіріне – 1 463,7 млн. теңге, 2017 жылдың 1 сәуіріне – 1 780,3 млн. теңге, 2018 жылдың 1 сәуіріне – 1 682,3 млн. теңге.

Қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке бағытталған шығындардың атқарылу динамикасы, соңғы үш жылғы 1-суреттен көруге болады:




Сурет-1. ҚР-дағы 2016-2018 жылдардағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке бағытталған шығындар

2019-2021 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы, 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша ҚР Қорғаныс министрлігіне 302 638 071 теңге. 2020-2022 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы, 2019 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының ҚР Қорғаныс министрлігі бойынша 313 648 128 теңгені құрайды (2-сурет).




Сурет-2. ҚР-ның 2019-2020 жылдарға арналған республикалық бюджеттері

Соның ішінде, 2019-2021 жылға ҚР-ның Қорғанысы мен Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтерге – 2 435 663 теңге, осы сала бойынша 2020-2022 жылдарға 2 451 541 теңге (3-сурет).



Сурет-3. ҚР-ның 2019-2021 және 2020-2022жылдардағы қорғанысы мен Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер

Келесі ол, 2019-2021ж ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету бойынша - 300 202 408 теңге, ал 2020-2022ж осы салаға 311 196 587 теңге бөлінеді деп жоспарлануда[3].



Сурет-4. 2019-2020 жылдарға ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету бойынша бюджет

ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөнінде іс-шаралар бекітілген. Тағы бір айтып өтетін жайт, «ҚР-ның Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету» бойынша бюджеттік бағдарламаның «ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру» бойынша республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдалану жөнінде бюджеттік бағдарлама

іске асырылуда. Президентіміздің 2019 жылдың 2 қыркүйек айында, өзінің халқына жолдауында үкіметке қорғаныс саласындағы қызметкерлердің еңбекақысын Үшкі істер органдарын реформалау мақсатында берілетін қаражат есебінен көбейтуді және де осы мақсатқа орай 40 млрд теңгедей бөлінуді ұсынды. Сонымен қатар әскери қызметтің абыройын арттыру үшін, Қарулы Күштердің материалдық базасын нығайту керек. Отанына адал қызмет ететін әскери қызметшілер мен офицерлердің жаңа геосаяси жағдайында елінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қатерлерге қарсы тұруға дайын болу керек[5].

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ресми сайты: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001074>
2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ресми сайты: <http://gov.kz/memleket/entities/mod?lang=kk>
3. https://www.inform.kz/kz/kr-korganys-ministrligi_t1543
4. <https://strategy2050.kz/message/>

ІСКЕРЛІК КОММУНИКАЦИЯ РЕТІНДЕГІ ЖАРНАМА ҰҒЫМЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байгиреев Р.М.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, қ. Семей
E-mail: rinatbm@mail.ru

Аннотация: Мақалада жарнама - бұл анық көрсетілген қаржыландыру көзі бар ақпаратты таратудың ақылы құралдары арқылы жүзеге асырылатын, жеке, заңды тұлғаға, тауарларға, идеяларға немесе бастауларға қызығушылықты қалыптастыратын немесе қолдайтын және оларды іске асыруға ықпал ететін коммуникациялардың нысандарын пайдалануға негізделген коммуникациялық саясаттың құралы ретіндегі маңызы қарастырылған. Және мақалада жарнамалық коммуникация үшін де толық көлемде әділ, өйткені жоғарыда жарнамалық қызметті жүзеге асыру үшін БАҚ-тың маңызды рөлі атап өтілді. Алайда мұнда бір айырмашылық бар: көпшілік жағдайда БАҚ-қа қандай да бір рұқсаты бар адамдар жарнамамен таныса алады, бірақ БАҚ аса маңызды емес жарнама түрлері туралы ұмытпаған жөн. Бұл сыртқы жарнама, яғни көшеде тұрған жарнама қалқандары немесе жарнамалық парақшалар туралы айтылған.

Түйін сөздер: жарнама, коммуникация, саясат, ақпарат, хабарлама, ақпараттық агенттіктер, хат авторлары, материал

Аннотация: В статье предусмотрено, что реклама - это средство коммуникационной политики, основанное на использовании объектов коммуникаций, формирующих или поддерживающих интерес к физическому,